



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
2007 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАРАШАДАҒЫ
№ 42 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**

**Халықаралық резервтер, ақша базасы,
Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты
және ағымдағы жылдың қараша айында
ноталар шығару кестесі туралы**

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын қоспағанда) және ақша базасы 2007 жылғы 31 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Халықаралық таза резервтер, млн. долл.	17 426,7	17 129,8
оның ішінде:		
ЕАВ-ғы таза активтер ²	15 848,3	15 848,3
Алтын	1 578,4	1 281,5
Ақша базасы, млрд. теңге	1 502,7	1 502,7
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 498,7	1 498,7
ЕДБ-ның ҚРҰБ-ғы мерзімді депозиттері ⁴ , млрд. теңге	3,95	3,95
KZT/USD (кезең соңындағы)	120,84	127,00
Алтынның бағасы (1 троя унциясы үшін USD-мен)	783,00	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың соңындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-ғы таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жиынтық активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелердің арасындағы айырма

3 Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-ның ҚРҰБ-гі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы қазан айында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің ағымдағы бағалардағы таза халықаралық резервтері 5,40 % (немесе 5,40 % млн. долл.) азайды.

Ішкі валюта нарығында валюта сату және Қаржыминінің сыртқы борышына қызмет көрсету және алтынвалюта резервтерінің есебінен Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың азаюы Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валюталардың түсуіне қарамастан таза валюталық

қорлардың (ЕАВ) 1 084,9 млн. долл. төмендеуіне алып келді. Әлемдік нарықтардағы бағасының 6,13 % өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 91,0 млн. долларға ұлғайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағалармен 5,96%, ЕАВ-ғы таза активтер 6,41%, алтындағы активтер 0,01% төмендеді.

Елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағалармен) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 20 056,0 млн. долл.) қоса есептегенде тұтастай алғанда 1,0 % өсіп, 37 485,7 млн. доллар болды.

2007 жылғы қазанда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 12,3 % (немесе 210,5 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.

2. Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты. 2007 жылғы қарашаға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) шоттарындағы айырбасталуы тиіс ұлттық валютадағы сома **38,3 млрд. теңге** болды.

Қордың активтерін конвертациялау және қайта конвертациялау ережесіне сәйкес Ұлттық Банк 2007 жылғы қараша айы ішінде Қордың ақшасын одан әрі инвестициялау мақсатында осы соманы рұқсат етілген қаржы құралдарына айырбастауды жүзеге асырады. Айырбастау Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінен шетел валютасын немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарын Ұлттық Банктің операциялар жүргізу күнгі ресми бағамы бойынша сату не шетел валютасын ішкі нарықта операциялар жүргізу сәтінде қалыптасқан бағам бойынша теңгемен сату арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Қордың шотына теңгемен түскен түсімдер бір ай ішінде кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлеміне сәйкес ағымдағы айдың соңында немесе келесі айдың басында жүзеге асырылатын кепілдік берілген трансферттер түріндегі Қордың шығыстары үшін жеткілікті сома жинақталғанға дейін айырбасталмайды.

3. 2007 жылғы қараша айында Ұлттық Банктің ноталарын шығару кестесі.

2007 жылғы қараша айында Ұлттық Банк мына Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 5 аукционын өткізеді.

Күні	Айналыс мерзімі, күндер	Шығарылымының жарияланған көлемі, млрд. теңге
02.11.2007	28	100
09.11.2007	28	100
16.11.2007	28	100
23.11.2007	28	100
30.11.2007	28	100